

| | |
|--|--|
| | Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 168 бұйрығына 2-қосымша Нысан |
|--|--|

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың орта мерзімді (бес қаржы жылына) бағдарламасы

Индекс: 1-ОСБ

Жиілігі: жыл сайын

Өкілдік ететін тұлғалар аясы: көмірсутектер және уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдаланушылар

Қайда ұсынылады: көмірсутектер және уран өндіру жөніндегі уәкілетті орган

Ұсыну мерзімі: жоспарланған бес жылдық кезеңнің бірінші жылының 1 (бірінші) ақпанынан кешіктірмей, немесе келісімшарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей

| Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт нөмірі | Сатып алынатын заттың коды | ӨСЖ бойынша ТЖҚ коды | Сатып алынатын ТЖҚ атауы мен қысқаша (қосымша) сипаттамасы | Өлшем бірілігі | Заттай түрінде сатып алудың жоспарланған көлемі | ҚҚС қоспағанда, жоспарланған сатып алу сомасы, мың теңге | Сатып алу тәсілі | Сатып алуды өткізу мерзімі |
|--|----------------------------|----------------------|--|----------------|---|--|------------------|----------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | Тауарлар | | | | | |
| | | | Жұмыстар | | | | | |
| | | | Қызметтер | | | | | |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ТЖҚ - тауарлар, жұмыстар мен қызметтер

ӨСЖ - өнімнің статистикалық жіктеуші

ҚҚС - қосылған құн салығы

Ескертпе: Осы нысанның қосымшасында нысанды толтыру бойынша түсініктеме келтірілген.

| | |
|--|---|
| | Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың орта мерзімді (бес қаржы жылына) бағдарламаларының нысанына қосымша |
|--|---|

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме

"Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың орта мерзімді (бес қаржы жылына) бағдарламасы"

1. 1-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі көрсетіледі;

1) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) қолданысқа енгізілгенге дейін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасаған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірін көрсетеді;

2) Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасаған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірін көрсетеді;

2. 2-бағанда Кодтардың 1-кестесіне сәйкес, сатып алу мәнінің коды көрсетіледі;

3. 3-бағанда Өнімнің (тауарлардың және көрсетілетін қызметтердің) Үлгілік статистикалық жіктеуішіне сәйкес 10 белгі деңгейінде тауардың, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің коды көрсетіледі;

4. 4-бағанда сатып алынатын тауардың, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы (техникалық шарттары, қасиеттері және сипаттамалары) көрсетіледі;

5. 5-бағанда Мемлекетаралық өлшем бірлігі мен есеп жіктеуішіне сәйкес тауардың өлшем бірлігінің коды көрсетіледі. Жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша баған толтырылмайды;

6. 6-бағанда тауардың көрсетілген өлшем бірлігіне сәйкес заттай көрінісіндегі тауарды сатып алудың жоспарланатын көлемі көрсетіледі. Жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша баған толтырылмайды;

7. 7-бағанда ҚҚС қоспағанда мың теңге (жүздік үлесімен бөлшек сан) құндық көрінісінде тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жоспарланатын сомасы көрсетіледі;

8. 8-бағанда тауарды, жұмысты немесе көрсетілетін қызметті сатып алу тәсілін:

1) Кодтардың 2-кестесіне сәйкес, тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді Кодекске сәйкес сатып алатын жер қойнауын пайдаланушылар;

2) Кодтардың 3-кестесіне сәйкес, жер қойнауын пайдалану құқығына ие, акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде Қорға тиесілі заңды тұлғалар көрсетеді;

9. 9-бағанда Кодтардың 4-кестесіне сәйкес, тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізудің жоспарлы жылы көрсетіледі.